

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№

2019 жылғы 11 желтоқсан

**«Шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Ақтөбе облыстық ауруханасы»
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының галереясына екі
қабатты қосымша құрылыс салу»
мемлекеттік-жекешелік әріптестік
жобасы бойынша мемлекеттік
міндеттемелер қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 1 тамыздағы №5 «Жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17318 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 25 қарашадағы №13 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес, «Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе облыстық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының галереясына екі қабатты қосымша құрылыс салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдансын.

2. Осы шешім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ж. МҰХАМБЕТПАИЗОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

«Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе облыстық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының галереясына екі қабатты қосымша құрылыс салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2020-2022 жылдарға мемлекеттік міндеттемелер

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдарға:		
Функционалдың кіші топ						2020	2021	2022
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі								
Бағдарлама								
Атауы								
1	2	3	4	5	6	7	8	9
13				Басқалар	124 101,666	41 367,222	41 367,222	41 367,222
	9			Басқалар				
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	124 101,666	41 367,222	41 367,222	41 367,222
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	124 101,666	41 367,222	41 367,222	41 367,222
				соның ішінде:				
				«Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе облыстық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының галереясына екі қабатты қосымша құрылыс салу»	124 101,666	41 367,222	41 367,222	41 367,222